

Қ. Н. Абуғалиев, Ғылыми-зерттеу институтының Ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

**2014 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ
ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР
ТАРАУЫНДАҒЫ ТЕРМИН СӨЗДЕРДІҢ АУДАРЫЛУЫ МЕН
ҚОЛДАНЫЛУЫНДАҒЫ
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақыттан бері бірнеше құқықтық реформаларды басынан өткерді. Бұл құқықтық реформалар тіліміздегі құқықтық терминология мәселелеріне айрықша көңіл бөлу қажеттігін аңғартты. Осы тұрғыда ауызекі сөйлеу тіліндегі сөздерден кәсіби салаға қатысты термин сөздер өзінің қолданысына орай ерекшеленуі де — заңды талап.

Дж. Берсанның айтуынша, заңдық тұрғыда ойлау әрқашан «қажеттілігіне байланысты күрделі және шешен, ұшқыр» тіл арқылы өрнектеледі. Себебі адамдардың арасындағы қатынастарды егжей-тегжейіне дейін жеткізу, қоғамдағы жеке тұлғалардың арасында туындаған маңызды өмірлік мәселелерге қатысты мүдделі сұрақтарды шешудің әділ жолы заңи құралмен, құқықтық ұйғарыммен өрнектелуі тиіс. Құқықтық жүйе құқықтық идеологияның қалыптасуын және өрнектелуін, құқықтық қолданысқа енуін қамтамасыз ететін механизм. Әлбетте, заңнама заңи терминологиямен жазылған болуы тиіс¹.

Мәтінді аудару кезінде тіл табиғатының, яғни стилінің сақталмауы немесе мәтін сөздерінің тым ресмилік сипат алуы салдарынан, тұтас мағынаның сапасы солғындап, түсінікке ауыр тиеді. Мұндай олқылықтарды өзгертіліп, толықтырылып немесе жаңадан қабылданып жатқан заң актілерінен жиі кездестіруге болады. Осыған орай 2014 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің I тарауындағы баптардың аудармасын талдап көрелік. Мәселен, 100-баптағы мәтін ішіндегі «в состоянии психического расстройства, не исключаяющего вменяемости» деген тіркес қазақ тіліне «есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасының бұзылуы жағдайында» деп аударылған. Белгіленген тіркестің орыс тіліне сөзбе-сөз аударылуы салдарынан мәтіннің мағынасын бірден түсіну қиынырақ. Мұнда абзалы «есі дұрыс болып» немесе «есі дұрыс бола тұрып», деп қолданса, мәтінді түсіну әлдеқайда жеңіл тиер еді. Сонымен қатар 108, 109-баптардағы «арест» терминін «қамаққа алу» дегеннен көрі, ауызекі тілдегідей қарапайым «қамауға алу» деп алып, термин ретінде қолданған дұрыс болар еді.

Келесі бір олқылық, жоғарыда аталғандай, аударма жасағанда әрбір сөздің дәлме-дәл аударылуын ғана қамтығандықтан, толық мәтіннің мағынасының түсінікке ауыр тиюі болып табылады. Мысалы, 2014 жылғы жаңа Қылмыстық кодекстің 116-бабының 2-бөлігінің 1-тармағы «кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты» деп аударылған, орысшасы — «в отношении лица, заведомо для виновного находящегося в беспомощном состоянии». Қазақ тілінде бір сөйлем ішінде бір сөздің дәлме-дәл екі немесе одан да көп қайталанып келуі сөйлеу мәдениетінің нашарлығын аңғартып қана қоймай, мағынаның толық берілуіне кедергі келтіріп, әлгі сөйлемнің жаңылтпашқа ұқсауына жағдай жасайды. Міне, сондықтан жоғарыдағы сөйлемде «кінәлі адамға» деп нақтылай түскеннен гөрі, «кінәліге» деп қолданса, дұрысырақ болар еді. Бұл жерде кінәлінің жануар емес, адам екені бесенеден белгілі. Аталған сөйлемнің мағынасының айқындығын ашпай тұрған келесі керісінше жағдай — нақтылықтың жетіспеуі. Яғни «белгілі» деген сөзді «белгілі болған» деп, нақтылап көрсетсе, «белгілі» сөзі анықтауыштық сипаттан ажырайды. Сонда жоғарыдағы сөйлемнің аудармасын «кінәліге дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі болған адамға қатысты» деп алсақ, әлдеқайда түсінікті болар еді деп ұйғарамыз. Міне, осы тектес аударма ақаулары жоғарыда аталған тарау баптарының бірнеше жерінде қайталанып кездеседі (99-баптың 3-бөлігі, 106-баптың 3-бөлігі, 110-баптың 2-бөлігінің 1,3-тармақшалары т. с. с.)ⁱⁱ.

Сонымен қатар осы кодекстің 121-123-баптарында (1997 жылғы қылмыстық кодексте дәл осы баптар) қолданылған «еркек пен еркектің жыныстық қатынасы және әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы» деген тіркесті сөздерге, нақтырақ айтатын болсақ, заңдық термин ретінде аударылуына қатысты сұрақ туындауда. Бұл, әрине, орыс тіліндегі «мужеложство», «лесбиянство», сөздерінің аудармасы болып табылады. Ал, енді осы сөздердің түсіндірмелі анықтамасына көз жүгіртейік. Ғалым-заңгер И. Ш. Борчашвилидің Қылмыстық кодекске түсіндірмесінде: «Мужеложство — половое сношение мужчины с женщиной..., лесбиянство — это женский гомосексуализм, когда удовлетворение половой страсти осуществляется между женщинами путем совершения различных действий сексуального характера», — деп берілгенⁱⁱⁱ. Сонда қазақшасындағы әлгі терминдердің атауы болып тек түсіндірмелі анықтамалары ғана алынғанын айқын аңғаруға болады («әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауы» деген тіптен дұрыс емес қолдану. Өйткені, жыныстық акт (коитус, пенетрация) дегеніміз — жыныстық қатынасқа дәстүрлі көзқарасты қауымда екі адамның жыныстық қажеттіліктерін өтеу үшін немесе ұрпақты жалғастыру үшін **жыныстық қатынас мүшелері** арқылы жыныстық қатынасқа түсуі /kk.wikipedia.org./) Бұл сөздердің сәйкесінше атауларының болмауы — жоғарыдағыдай жыныстық азғындық әрекеттердің ертедегі қазақ даласында болмағандығының да айғағы шығар.

Анықтамалық сөйлем түрінде берілген атау — термин емес. Термин (лат. terminus — шек, шеті, шекарасы деген мағынада) — ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер^{iv}. Соның ішінде заң термині етек-жеңі жинақы, шама-шарқынша қысқа да нұсқа болғаны дұрыс.

Жоғарыдағы анықтамалардан «лесбиянство — это женский гомосексуализм» деген түсіндірмені көруге болады. Гомосексуализм немесе гомосексуальность сөзінің орысша берілген түсіндірмесі төмендегідей:

«Гомосексуальность (от др.-греч. ὁμός — тот же, одинаковый и лат. Sexus — пол), также в более узком значении гомосексуализм — предпочтение представителей своего пола (или гендера) в качестве объекта любовных отношений, эротического влечения или сексуального партнёра»^v.

Сонымен, сөзімізді түйіндей келе, «мужеложство» сөзінің қазақша заңдық баламасы ретінде «ерлер гомосексуализмі», ал, «лесбиянствоны» — «әйелдер гомосексуализмі» деп алуды ұсынамыз. Сонда Қылмыстық кодекстегі 123-баптың атауы мынадай болып өзгереді: «Жыныстық қатынас жасауға, ерлер гомосексуализміне, әйелдер гомосексуализміне немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету». Бұлай атау заңға қайшы, адамгершілік нормаларына жат сәйкес әрекеттерді толық қамтиды, әрі термин ретінде қолдануға қолайлы, ықшамды болмақ. Бұл — авторлық ұсыныс.

Ғылым мен техниканың, жалпы қоғамдық сананың қарқынды дамуына байланысты сөздік қорымыздың да қорлана түсуі де заңды құбылыс. Бірақ қай салада болмасын әрбір жаңа терминнің түбегейлі, жан-жақты талдаудан өтіп, қырнанып барып паспорттануы керек. Ол — тілге жанашыр мамандардың борышы.

ⁱ Республикалық семинар материалдарының жинағы. — Астана, 2012. 17-б.

ⁱⁱ Аbugалиев К. Н. 2014 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жеке адамға қарсы құқық бұзушылық мәселелеріндегі аударма тілінің сәйкестену мәселелері // Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының хабаршысы. — 2015. — № 1.

ⁱⁱⁱ Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть (Т. 2). — Алматы, 2015.

^{iv} Интернет ресурс: kk.wikipedia.org.

^v Интернет ресурс: kk.wikipedia.org.